

Зайсан аудандық қоғамдық кеңесінің отырысының

**Хаттамасы № 4**

27 наурыз 2025 жыл

Зайсан қаласы

Қатысқан қоғамдық кеңес мүшелері - 10

Отырысқа Зайсан аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы  
Ғ.Қожекенова қатысты.

**Күн тәртібі:**

**2024 жылға арналған Зайсан ауданының бюджетінің атқарылуы  
жөніндегі есепті талқылау**

Баяндамашы :Зайсан аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы  
Ғ.Қожекенова.

**Тыңдалды.**

2024 жылға арналған Зайсан ауданының бюджетінің атқарылуы жөніндегі  
есеппен аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ғ.Қожекенова  
таныстырып өтті.

**Жарыс сөз.**

Қоғамдық кеңес мүшелері тарапынан бюджеттің орындалуы бойынша  
сұрақтар қойылып, жауаптар қайтарылды. Қоғамдық кеңес мүшесі  
Қ.Сайранов аудан бюджетінің қаражатын тиімді жұмсауды, коммуналдық  
мүліктердің дұрыс және аудан бюджетіне кіріс келтіре отырып пайдалануды  
ұсынды. Көгедай ауылының Жаңа баз бөлігінің арасы үш шақырым  
екендігін, осы ауылға үш шақырым су құбырын тартқанша сол жерден  
скважина қазып, су тартса бюджет қаражаты тиімді пайдаланатынын,  
аудандық коммуналдық меншіктегі Бәйтерек сауықтыру орны, Зайсан  
қаласындағы қонақ үй кешені тиімді пайдаланылмай отырғанын айтып,  
осылардан қортынды шығаруды сұрады . Қоғамдық кеңес мүшесі  
М.Боранбаев коммуналдық меншіктегі мүліктерді тиімді пайдалану жөнінде  
өз ойларын айтты. Басқа да қоғамдық кеңес мүшелері мемлекеттік  
мүліктердің сақталуын, оларды тиімді пайдалану жөнінде өз ойларымен  
бөлісті.

## **Шешім:**

Зайсан аудандық қоғамдық кеңесі күн тәртібіндегі 2024 жылға арналған Зайсан ауданының бюджетінің орындалуы жөніндегі есепті талқылай келе шешім қабылдады:

1. 2024 жылға арналған Зайсан ауданының бюджетінің атқарылуы жөніндегі есеп мақұлдансын.

2. Зайсан аудандық экономика және қаржы бөліміне аудандық бюджет қаражатын, аудандық коммуналдық меншіктегі мүліктерді тиімді пайдалану жөнінде іс шараларды іске асыру ұсынылсын.

3. Зайсан аудандық коммуналдық меншіктегі мүліктердің сақталуына, есеп жүргізілуіне, тиімді пайдалануына қоғамдық мониторинг жүргізу аудандық қоғамдық кеңестің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жөніндегі комиссиясына тапсырылсын.

Зайсан аудандық қоғамдық кеңесінің төрағасы



М.Уәли